



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

тәжірибесіне табан тіреп отырғандығы. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасау үлгісімен туындап жатқан көптеген жаңа терминдер соның дәлелі бола алады. Бұл - үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға біраз уақыт салып барып қайта жалғасын табуы.

Кез келген тілдің терминжасамына негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттық тіл, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, кейінгісі – сыртқы көзі. Терминологиялық лексика әр халықтың өз әдеби тілі негізінде түзіледі.

Ана тіліміздің мәртебесін жоғарылату үшін түрлі ғылым салалары бойынша терминжасам бағытында игілікті іс-шаралар жүргізіліп жатса да, бұл маңызды мәселені жүзеге асыру барысында түйткілдер жеткілікті.

Термин сөздер – ұлттық тіліміздің бір саласы. Сондықтан терминжасамда да ұлттық тілдегі сияқты бір жүйенің болуы – басты талаптың бірі. Бірақ мұндай жүйелілік бүгінгі күнге дейін қалыптаса алмай келеді.

Терминология кең мағынасында адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі. Терминология – арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы.

Қорыта келе терминдер тілдегі сөздерден, тілдік басқа да бірліктерден жасалып, белгілі мағынада қарым-қатынас құралы қызметін атқарады. Сондықтан терминдер тілдік лексикалық бірлік болып саналады. Терминдер ғылыми-техникалық ұғымды білдіретін терминология жүйесінің мүшесі ретінде ғылым тілінде жасалады.

Термин терминология жүйесіндегі бір саланың мүшесі болумен бірге, сол ғылым саласының нақты бір ұғымын білдіреді. Сондықтан дәлдік, нақтылық мағына терминнің бір қасиеті, белгісі болып саналады.

Қолданылған әдебиет

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 бет.
2. Саяси түсіндірме сөздік/ құраст. авт. Е.Саиров, Б.Әбдіғали, Т.Жабелова, Д.Әлібек.- Алматы: Жүйелі зерттеулер институты, 2007.- 616 бет.
3. Оксфорд қысқаша сөздігі. САЯСАТТАНУ. –Алматы, ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001, -424 бет.

ӨӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ ДӘСТҮРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ КӨРІНІСІ

Садуақасова Шахинұр

87028833396@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

«Шығыс халықтарының арасында,
жалпы мұсылман елдерінде әйел затын
бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты
қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де
біздің қазақ».(Н.Назарбаев)

Иә, тамыры терең тарихымызға көз жібертсек, қалай айтса да дөп айтатын, қатты айтса да қалт айтпайтын дана халқымыз әйел затын қай заманда болмасын байлығым, барлығым деп таныған. Қыз – ұлттың айнасы, тіршіліктің күретаыры деп біліп, «тәрбие басы – тал

бесіктен» қызын ізгілікті, кісілікті, көргенді, иманды болуға тәрбиелеп, «қызына қырық үйден тыйым» салған.

Қай заманда болса да, қыз – әсемдік пен әдеміліктің, мейірімділіктің символындай, пәктік пен тазалықтың қайнарындай, ырыс-ынтымақ, берекенің алтын діңгегіндей, ер адамдардың қадірлейтін, құрметтейтін жаны саналған. Осыдан-ақ, ұлтымыздың «қыз» ұғымына үлкен мән бергенін, «оны қызғыштай қорғап, үйінің төрінен орын беріп, төбесіне көтергенін», «ұл мен қызын қаматып отыра алмайтынын», еркін өсіргенін көреміз. Ұятын, ар-намысын сақтай білген, теріс қылықтардан бойын аулақ ұстайтын, «кез болып қалса оған салынбайтын», барлық уақытта нұрлы ақылды басшылыққа алып, «ақырын жүріп, анық басатын», іс-әрекеті мен мінез-құлқы мақтауға әбден лайық деген сипаттармен де қыз сөзінің мазмұны бай түседі. «Қыз» сөзінің этимологиясына үңілсек, «қыз» ұғымы халықтың өз ұрпағын жақсы болса екен, патшалардың қызындай сыйлы да құрметті, көркіне ақылы сай нағыз қас арудың өзі болса екен деген арманынан туған мағынаны білдіреді екен.

Қазақ қызына байланысты айтылған бота көзі мөлдіреп, «айдын көлдің қуындай», аққудың көгілдіріндей, ақмаралдай керілген, «иісі гүл аңқыған», «нұры күн шалқыған», ақша жүз, алқызыл бет сияқты толып жатқан тіркестер сұлулық ұғымынан туындаса керек. Мәселен, Қыз Жібектің порымы

*...Қыз Жібектің ақтығы
Наурыздың ақша қарындай,
Ақ бетінің қызылы
Ақ тауықтың қанындай,
Екі беттің ажары
Жазғы түскен сағымдай,
...Өткірлігін байқасаң
Ұсталар соққан кетпендей.
Нұр тұқымын еккендей,
Екі ауыз сөз сөйлескен
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл Жібектің
Өлігіне адам қайырылып*

Бетінен келіп өпкендей...[1] немесе «Қобыланды батыр» жырындағы қыз Құртқаның, «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршынның, «Абай жолы» романындағы Абайдың арманда болған махаббат үлгісі -Тоғжанның бейнелері сол замандағы қазақ қыздарының болмысын паш етіп тұрғандай сезіледі. Бәрі де сұлулық пен әсемдіктің ғана емес, даналықтың символы ретінде біздерге үлгі болмақ.

Қазақ қыздары, жалпы аналар әлемі туралы толғанбаған тұлғалар сирек. Мәселен, жыраулар поэзиясындағы қазақ қызын айшықты бейнелеген мына бір мазмұнды жолдарға зер салып көрейікші:

Баласағұн:«Қол тимеген, еркек жүзін көрмеген»;

Доспамбет: «Шашынан ешкім сипамаған..., маңдайы күнге тимеген, желге шашын үрмеген, серпіліп адам бетін көрмеген, түймесін ешкімге ағытпаған, белін ешкім шешпеген»;

Ақтамберді: «Көркін құлыпқа сақтаған»;

Бұхар:«Назыменен күйдірген, құлқыменен сүйдірген, омырауы жұпарлы»;

Шал ақын: «Ешкімге көзін салмаған, ақ бетіне қан құйған, орамалын дәл құйған, ерніне бал құйған, қылықты туған қыз» - деп суреттейді [2]. Яғни «қыз» деген сөздің астарында басына үкі тағып, үлпілдеп өскен, өзге босағаны аттамаған, ар-ұятын биік қойған бүлдіршін деген ұғым жатқанын айта келе, қызға артық қылымсуға, көпе көрнеу көп сөйлеуге тыйым салады. Қазақ қызының идеал үлгісін, болмыс-бітімін аса көркемдікпен, нақтылықпен суреттейді. Хакім Абай атамыздың да қыз сипаты жайында жазылған өлеңдері, таудан құлай түскен, «бал құрақтармен қоршалып, айналасына нәр, көрік берген» бұлақ тәрізді. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген өлеңінде қыз суретін:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,*

Бір жаңа ұқсатамын туған айды...[3,70]-деп өрнектесе, «Білектей арқасында өрген бұрым» деген өлеңінде қыз портретін ең алдымен, білектей бұрымынан бастап ақ тамақ, қара қасын, үлбіреген ақ етті ашық жүзін керемет суреттейді.

Ұлы ақын өлеңдерінде «сылдыр қаққан шолпы», «камшат бөрік» сияқты теңеулерді қолдану арқылы поэзияға жан бітіріп, қос бұрымы жотасында ойнаған, бүрмелі қос етеккі көйлекті, иманжүзді, ұяң мінезді, тал бойында тарыдай міні жоқ қазақ қызын көз алдына еріксіз елестетеді.

Бұрым демекші, ұлттық әдебиетіміздегі лирикалық шығармалардың қай-қайсысын алып қарасақ та, жалпы әйел затының көркін өрілген қос бұрым арқылы толықтырған, онсыз әсемдікке нұқсан келеді деген. Өлеңдерде *«Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Қарақат көзді, сүмбіл шаш», «Қара көзің, қара шашың төгілген», «Төсектен сүмбіл шашың салбырасын, шашыңа таққан шолпың сылдырасын»* деп бір сөзбен болсын шашқа мақтау айтылатыны да сондықтан. Асыл дініміз бен салт-дәстүрімізде де қыздың шашын қиып немесе жалбыратып жүруіне тыйым салынады. Шаш деген сөз «нұрдың шапағы» деген мағынаны білдіреді. Бұған мысал ретінде ертеректе Сыр бойында өмір сүрген атақты Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлу туралы аңызды айтсақ та жеткілікті.

Ежелден келе жатқан дәстүріміз бойынша қыздардың шашын арын аяққа таптап, әдептіліктен озған кезде ғана қиып тастайды екен. Хакім Абай қарасөзінде «ардан кеткен соң тірі жүргені құрысын» дейді. Отыз алтыншы қарасөзінде: *«Пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәләмнің хадис шарифінде айтыпты: «Мән лә хаячүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген...»* [3, 467]. Ұяттың өзі иманның бір мүшесі екен. Сол үшін де қыздарға «Ақыл керек, ес керек, мінез керек, Ер ұялар іс қылмас катын зерек...» деп ескертеді. Ер жігіттерге жар таңдағанда

*Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсө қызар, күнде асық диуаналық [3,84]-
дей отырып,
...Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсө қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!..
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,*

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма [3,88] - дейді. Ойлы жанға бұл жерде әжептеуір салмақ жатыр, қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда нәпсінің құлына айналып, «құмарлық деген бір итке» салынып, «жастығың тозбастай, буының босамастай» болып жүріп, «не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өміріңнің ең қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен» өткізіп алма, дүниенің түкке тұрғысыз нәрселеріне көз салма, көңіл де қойма дейді. Сөйтіп, көрсеқызарлықтан, бадалықтан, қалжыңбастық пен уайым-қайғысыздықтан, «өз сөзімшіл ғурурлық» пен жеңіл мінезді болудан сақтандырады. Әрдайым жүрегіңді таза ұстап, қалпыңнан айныма, өнер ізде, ғылым, білім ізде, ең болмаса еңбекпен терінді сатып, мал тап, мінездің беріктігін жоғалтпа, бойыңды ашуға емес ақылға билет, ақылды бол, болашақ балаңның анасын таңдау кезінде осындай қасиеттерге айрықша мән бер, әуелі көркіне емес, мінезінің көркемдігіне көз жеткіз, байдың не кедейдің қызы болса да ары, ұяты жоғары қыздан ғапыл қалма, сүйсең шындап, ойлап сүй және бірді-ақ сүй деп керемет түсіндіріп жеткізеді. Абайдан басқа сонау Асанқайғыдан бастап Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марқасқа, Бұхар, Ақтамберді, Тәтіқара, Шал ақын, Майлықожа және т.б. ақын, жырауларымыздың барлығы да дәл осы турасында жырламағаны болмаған. Бұхар жырау:

*..Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!..
...Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас...
немесе*

*Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда [4, 52,53]*

-дейді. Ал, Ақтамберді жырау:

*Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер [4,60],*

немесе Шал ақын:

Жігіттің алған жары жақсы болса,

Жұмақтағы хормен тең.

Егер де жаман болса,

Маңдайға біткен сормен тең.

Уа, жігіттер,

Әйел алсаң, қарап ал ақылдысын,

Ол сенің ақыреттік жақын кісің.

Келген мейманыңды және туғаныңды бірдей тәрбиелеп,

Ол және ұмытпасын Хақтың ісін» [4,84]-деп ер жігітті ер ететін де, ез ететін де әйел екендігін ескертеді және әйелдің де ерінің алдындағы парызын ұмытпасын дейді.

Берінің айтпақ ойы бір, тек әркім әр түрлі жеткізеді. Ең бастысы, Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде: «Ұяттылық пен әдептілік әрқашан қайырлы істерге бастайды», - делінген. Сондықтан қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлде болмайды. Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Қыздың, демек, болашақ ананың қолынан іс келуі, қазақ қызына тән ұлттық болмысты бойына сіңіруі - міндетті жағдай. «Қыз өссе – ырыс», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты», «Әйел - үйдің көркі», «Қызың өссе қылықтымен ауылдас бол», «Жібекті түте білмеген жүн етеді», «Қыз еркем – кестесімен көркем», «Бір жақсы қыз екі жаман ұлға татиды», «Жалқау қызға жан жоламауға, еріншек қызды ер алмауға тиіс», т.б. мақалдардың мәні осында.

Қызға қырық үйден тыйым дәстүрінде қызға «суық жүріс сумаң қылыққа», «ұятты мүшелерін ашып жүруге», «жат жыныстылармен араласып жатуға», «күйеуге қашып тиюге», «шектең тыс сыланып жасануға» тыйым салады.

Біз қазақ ежелден текті халықпыз. «Қыз алсаң, текті жерден ал» деп сұлулықтан бұрын тектілікке аса зор мән берген қаны, жаны таза халықпыз. Ата-бабамыз өзді-өзі жеті атадан бері қарай қыз алыспаған. Қазақ руханиятына аса көп еңбек сіңірген ұлы ғалым Мырзатай Жолдасбеков: «Кезінде қазақ еріккеннен құда түспеген. Халқымыздың жеті атаға дейін қыз алыспайтыны да, текті жерден қыз алуы да бекер емес. Қаны таза халықтың жаны таза болатынын жақсы білген...» - деп жазады [5,92]. Күйеуге қашып тию харам болып есептелген, яғни олардың ақ некесі қиылмаған. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлаған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастарын алалық. Бір-бірімен аталас, туыс жастар ата дәстүрден аттап қосылады. Ел жақсылары мен билері жиылып болашақ ұрпағымыз мұндай әрекеттерге бармасын, тектілігімізді жоғалтпайық, салт-дәстүрден аттамайық деп некесіз қосылған жастарды ел болып жиылып жазалаған. Өйткені, мұндай тұрпайы әрекеттер ұлтты азғындатады, қан бұзылады, қазақ тектілігінен айрылады, жаман содыр әрекеттерге бастайды деп білген.

Қазақ ежелден қызға «жеті өзеннен өттің бе», ұлға «жеті атадан жеттің бе» деген талап қойған. Мұның мәнісі: қазақ қызы ешқашан қазіргі тілмен айтсақ, көршісіне тұрмысқа шықпаған. «Ұзату» деген сөздің өзі «ұзақ» сөзінен шыққан. Яғни қызын жеті өзеннен әрі қарайғы жерге ұзатқан. Мұны халқымыздың бір ауыз сөзімен «Қыз – өрісің» деп қорытындылаймыз.

Ал, қазіргі заманда ата дәстүрін аяққа таптап, арды емес, бас пайдасын ойлап бейбастық іс-әрекеттерге барған, дүниеге тілсіз, көзсіз байланған тілсіздер мен дінсіздердің көбейіп кетуі де қатты алаңдатады. Кешегі өткен жырауларымыз би дейді:

*...Алтыс қанат ақ орда,
Ардақтаған аяулың,
Күнінде ертең біреуге,
Тегіннен-тегін олжа болмасқа [4,44]*

немесе

*Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханишасын,
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?! [4,63]*

Айтпасаң сөздің атасы өледі. «Қызым үйде, қылығы түзде» деп, күні кеше түсірілген «Ирония любви» киносында қарапайым қазақтың қызын аттың артына отырғызып қойып халыққа жарнамалауы, қазақ қызын шетелдік жігіттің артынан жүгіртіп, тегіннен-тегін олжа болып жатқаны аянышты жағдай. «Руыңды тәрбиелеймін десең, ұлыңды қорға, ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды қорға», -деп бабаларымыз дәл біліп айтып кеткендей.

«Ұлт тілін ұлықтаған, сөз өнерінің хас шебері Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ой-толғаныстары былайша өріледі: «Жетпіс екі тіл бар, сол жетпіс екі тілдің ішінде араб тілінен асыл тіл жоқ... Одан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді, дін де осында, ғылым мен білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабамыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті...»» [6]. Осы күнгілер қазақты сақтап қалған тіл екенін білсе игі еді. Ұлттың ұлттық тілін білмесе, ұлттық сана, ұлттық рух туралы әңгімені қалай жалғастырады екенбіз?! Шет елдерге білім іздеп ағылып кетіп жатқандардың ғылымдағы мақсаты ар ғылымын игеру мен өз елінің көсегесін көгерту болса қанеки... Сонау кішкене бала күнінен бастап қызын «қырық үйден», ұлын «отыз үйден тыйым салу» арқылы тәрбиелесе, «әуелі мұсылманша бір ғылымын» – зәру білімді игертсе, ақты ақ деп бағалап, оңы мен солын ажырата алар ма еді?!

Халқымыз: «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дейді емес пе?! Көпке топырақ шашу да жарамас. Қазақ халқында бекзат болмыстығымен, кісілік келбетімен тарихта қалған қыздарымыз (апа, әпкелеріміз) көп. Кенде емеспіз. Кешегі өткен Тұмар патша, Шыңғыс ханның әйелі Бөрте, Абылай ханның қызы Айтолқын, Кенесарының қарындасы Бопай, бергі дәуірдегі Домалақ ана мен Айша бибі /қазағымыздың тарихындағы аяулы қыздарымыздың тізімін жалғастыра беруге болады/ тағылымы бүгінге дейін ел есінде. «Орта ғасырдағы Еуропа әйелді бәле-жаланың бастауы деп, инквизиция заманында отқа өртесе, ата-бабамыз қызын оң жағына отырғызып, үкілеп, тіл-көзден қорғап, әулетінің ары деп таныған. Анасының бір ауыз сөзін жерге тастамаған. Пайғамбар өсиетін өнеге тұтып, сыйлаған. Тарихты қазбаласақ, парасатымен топ жарып, ру атауына арқау болған әжелеріміз аз болмаған. Ұлтымыз әйелді етекте деп есікте ұстамаған. Ақылы асса төрге шығарып, тізгінді де берген. Ұлпан, Айғаным аналарымыз - соның дәлелі. «Бізге тамаша аналар сыйлаңыздар, сонда біз де керемет адам боламыз» депті неміс жазушысы Жан Поль Рихтер. Ендеше, Абайдай хакімді тәрбиелеген Зере мен Ұлжандай аналарды қалайша ұмытамыз?!» [1] Сондай-ақ, сұм соғыстың кесірінен жастай жесір қалып, елге келген ауыртпашылықты кайыспай көтеріп, қаралы қағаз келсе де ғұмыр бойы еріне адал болып, отын өшірмей шаңырағын берік ұстаған аналарымыз қаншама! Мың тағзым даналықты, көрегенділікті, адалдықты, махаббат пен сұлулықты үйлестіре білген ақыл-парасат иелеріне!

Ендігі жерде қайтсе қазақтың болашағы жарқын болады, қайтсек Мәңгілік ел боламыз

десек, ең алдымен, отбасындағы тәрбиені оң жолға қояйық. Әрбір қазақтың отбасы қыз тәрбиесіне өте көп көңіл бөліп, ата дәстүрді қадірлеуі тиіс. Өйткені, адал анадан ғана алтын басты, намысты ұрпақ дүниеге келмек. Соған сай қазақ жігіттерінің де бойынан өр мінезден көрі айнымас мінез, жауаптылықтан бұрын ардақтылық сияқты жігітке тән асыл қасиеттердің табылуы шарт. Анамызды ардақтап, аруларымызды еркелете алатын азаматтардың арқасында ғана ұлттық мұратқа, елдік мақсатқа қиналмай жететін боламыз деп ойлаймын. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовше айтсақ, «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Ендеше «қазақ, мешел болып қаламын демесең, тағылымыңды түзе, оны түзеймін десең әйелдің халін түзе».

Келешекте ұлттық салт-дәстүрмен тәрбиеленген қыздар ғана ел қорғайтын, Отанымызды көркейтетін ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүйеуова Б. «Арулар – тіршілікке күретамыр» // www.baq.kz.
2. «Бес ғасыр жырлайды». Алматы: Жазушы, 1989.
3. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: 1961.
4. «Жеті ғасыр жырлайды». Алматы: Жазушы, 2004
5. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы» III том. Астана: Күлтегін, 2012
6. Негимов С. «Мәшһүр мұра» // Егемен Қазақстан 26 ақпан, 2013 ж.

ӘӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

ФАРМАЦИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сапиева Бота Ғасырбекқызы

bota199393@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К.Ахметова

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғаннан бері, үкімет тілдік саясаттың тұжырымдамасына сүйене отырып, қазақ тілінің қоғам өмірінің әр түрлі салаларында, сонымен қатар іскери тілде қызмет етуін қамтамасыз ету үшін бірнеше іс-шараларды жүзеге асырып, бағдарламаларды қабылдап жатыр.

«Дәрілік заттар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, біздің елімізде дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу, мамандандырылған сараптау, сонымен қатар қолдану жөніндегі нұсқаулықтардың мәтінін және олардың медициналық және ғылыми мазмұнын бірыңғайлауға қойылатын талаптар енгізілді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығы» медициналық және фармацевтикалық терминологияның мемлекеттік тілге тәржімалануына бірыңғай әдістемелік талаптарды қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар атқаруда.

Қазақ тіл білімінде медицина саласына қатысты терминдер мәселесімен айналысқан ғалымдар қатарында Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы мен Халел Досмұхамедұлы бар. Олардың еңбектерінде дәрілік өсімдік атаулары, адам ағзасы мен денесіне байланысты ауру атаулары, сондай-ақ химиялық элементтердің қазақша баламалары кездеседі. Атап айтқанда, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» атты еңбегінде, 1108 түрлі дәрі-дәрмек түрін 858 түрлі дәрілік өсімдік пен 318 жан-жануар мүшелері және 60-тан астам металл-металоидтар қоспасынан (бұдан көп болуы мүмкін) жасалған атаулар туралы жазылған. Оған қоса, шипагер науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипа ем аты және 4577 шипалық дәрілік емдік тізбесін (нақтылығы – 13000 дай екен) ұсынып, 430-дан аса адамның сыртқы және ішкі